

**8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D020500/8D02301 – Филология /6D021400/8D02308 –
 Әдебиеттану) бағыты бойынша құрылған Диссертациялық кеңескесе
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Куттыбаев Шоканхан
 Дүйсенхановичтің «Ш.Айтматов шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» атты
 диссертациялық жұмысына реєсми рецензенттің
 ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Реєсми рецензенттің ұстанымы (ескертудік курсивпен корсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бесіктен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын корсету)</p>	<p>Куттыбаев Шоканхан Дүйсенхановичтің 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ш.Айтматов шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді: Қазақстан Республикасының заны. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319 – III (28.08.2021 берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен). ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2023. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық макаласы // https://kaz.nur.kz/politics/1892218-tuelsizdik-brinen-kymbat-tokaevty-makalasy-zarialandy/</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста келтірілген маглұматтар ғылымға маңызды үлес қосады. Зерттеу барысында алынған нәтижелері мысалы, қазақ-қырғыз әдеби байланысы, екі халықтың туыстық және жақындық қарым-қатынасы, қаламгердің шығармаларындағы қазақ тақырыбы туралы субелі ойларынан мысалдар келтірғен. Изденуші Ш.Айтматовтың туындыларында көтерілген негізгі

			мәселелерді ғылыми түрғыда саралай алған. Сондай-ақ Ш.Айтматов туындыларына әдеби-теориялық талдауды жасауда әдебиеттанушы галымдар: С.Асылбекұлы, Б.Әбдігазиұлы, Б.Омарұлы, У.Қалижанұлы, Б.Сманов, Б.Жұмақаева, С.Макпиров, Г.Орда, А.Ісмақова, А.Танжарыкова, К.Медеубаева және тағы да басқа зерттеуші галымдардың еңбектері басшылықка алып, мәтін талдаудагы теориялық тұжырымдарын негізге алған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жогары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Өзі жазу деңгейі: Жогары. Себебі, осы мәселемен тікелей айналысып, теориялық еңбектер жазған галымдардың еңбегімен мейлінше толық танысқан. Өз тұжырымдарын бекітетін мысалдар арқылы талдаулар жасап, өз қорытындысын ұсынған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда ішкі бірлік принципі сакталған. Зерттеу жұмысында барлық академиялық жазу қагидалары мен стильдік ерекшеліктер катаң сақталған. Диссидент Ш.Айтматовтың шыгармашылығын жаңаша көзқараспен талдаған, қазақ-қыргыз толығымен ортақ мұраларды сараптап, тақырыпты ашқан.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны «Ш.Айтматов шыгармашылығындағы қазақ тақырыбы» деген зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Ізденушінің қазақ-қыргыз әдебиеті жетістіктерін айқындағы бағытындағы ізденістері, тақырыпты толығымен ашады. Диссидент зерттеу жұмысында әдеби-теориялық зандалықтарды Ш.Айтматов туындыларын талдауда басшылыққа алған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыс мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Ізденуші әдебиеттануғындағы зандалықтарды басшылыққа ала отырып, зерттеу барысында мақсат-міндеттерге толығымен жеткен.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен	Ш.Куттубаевтың диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері мен

		<p>күрүлісі логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық</u> байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>жалпы күрүлімінде логикалық байланыс сақталып, қойылған мақсат пен міндеттін шешуге бағытталған. Бірінші тарауда жалпы әдеби байланыстың зерттелу жайы мен қазақ-қыргыз әдебиетіндегі типологиялық және контактілік байланыс туралы өзіндік тұжырымын жасаган. Сонымен қатар, Ш.Айтматов шығармашылығындағы мифология: ежелгі аңыз желісінің жазушы шығармашылығындағы рөліне кеңінен тоқталған. Екінші тарауда Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романында көтерілген экология мәселесі мен «Плаха» романындағы кейпкерлер бейнесі арқылы қазақ даласында орын алған тарихи оқиғамен байланысын салыстыра алған. Сондай-ақ, Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романын қазақ жазушылары Ә.Нұрпейісовтің «Сонғы парыз», Т.Әбдіктің «Қонақтар» туындысымен салыстыра талдаған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдаужоқ. 	<p>Диссидент ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сынни талдаулар жасалған. Зертеуші диссертациялық жұмыста аңыз желісі мен шынайы қоғамда орын алған оқиғаларды және бүтінгі таңда да жазушы туындысында көтерілген мәселелер өзектілігін жоймаганы жайында сөз козғап, дәлелді тұжырымдарменсыни талдау жасаган.</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Толығымен жаңа.</p> <p>Ш. Айтматов туындыларында көрініс тапқан аңыз берін шынайы қоғам арасындағы идеялық тұтастық тұрғысынан түйінделген; Қыргыз жазушысының туындыларындағы психологиялық параллелизмді, суреткерлік шеберлікі, сан түрлі адамдардың мінез-құлыш ерекшелігін, психологиясы фылыми тұрғыда саралған; Қазақ тақырыбы арқылы көрініс тапқан Ш. Айтматов шығармаларындағы түпкі идеяның аркауына айналған түркілік</p>

			дүниетанымды насихаттаган. 5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңаемес (25% кем жаңаболыптабылады)	Диссертацияның корытындылары толығымен жаңа. Біріншіден Ш.Айтматовтың қазақ тақырыбына байланысты туындылары алғаш рет карастырылып отыр. Өйткені туындыда көтерілетін ұлттық- этнографияға байланысты мәселелерді казақ жазушыларының еңбегімен шебер үштастыра алған. Сонымен қатар туындыда көтерілген мәселелерді талдау барысында өзінің тұжырымын зерттеуші ғалымдардың пікірімен кортыныдырап отырган.
			5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Аталмыш зерттеу жұмысы гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді қажеттепейді.
6.	Негізгі корытындылард ың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық корытындылар гылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген деп білемін. Бұл туралы корытындылардың жаңалығы айтылған бөлімде барынша баяндап, талданған және әрі корытынды негіздерге сүйеніп жасалған.	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбіді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін	7.1 Дәлелденді. Бұғынгі қоғамда бой көтеріп отырган ұрпақтың ұлттық болмыстан ауытқуы, өзге мәдениеттің кірігүйнің кесірінен жастар санасының түйшіталуы туралы тұжырымдары, Көркем әдебиеттің негізгі тақырыбына айналған ғаламдық жылыну, жекелеген ұйымдар арасындағы саяси текетірес, әлемдік аренада сынаржақ ойлардың бой көтеруі сияқты өзекті мәселелері жан-жақты сараланған. 7.2 Тривиалды ма? иә 7.3 Жаңа ма? иә 7.4 Қолдану деңгейі: Кең	

		<p>емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>Иә.</p> <p>Зерттеу барысында жалпы 8 мақала жарық көрген. Оның бірі Халықаралық рецензияланған Scopus/Web of Science деректер базасына енеді. Ал 3 мақала ККСОН журналдарында жарық көрген.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақ-қыргыз әдебиетіндегі ұлттық идея мен әдеби-көркемдік байланыстар/ – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршысы. Филология сериясы. №4 (66), 2018. - 64-68 бб. 2. Үндестік үйлесімі (Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесінің қазақ түсінділарымен үндестігі) // – Алматы: Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №7 (70) 2018. -156-160 бб. 3. Ш.Айтматов шығармаларындағы ғаламдық мәселелер // – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУХабаршысы, Филология ғылымдарының сериясы, №4 (70), 2019. -306-311 бб. 4. Wolf Imagery in London's White Fang and Aitmatov's Plakha novels // – Novitas-ROYAL (Research on Youth and Language), 18(1), 2024. 88–98. https://doi.org/10.5281/zenodo.10987243
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок. 	<p>Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертацияның кіріспе белімінде зерттеу әдіснамасы толық сипатталған. Диссертация жазу барысында шығарманы талдау, интерпретация, салыстырмалы типологиялық, тарихи-әдеби, психологиялық, семиотикалық, объективті-сарапалау, жинақтау, даралау әдістерін қолданған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында қазіргі қазак әңгімесінің поэтикасындағы ұлттық құндылықтардың көркемдік қызметін айқындауда көркемдік ізденістердің байланыстары ескерілген.</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында қазіргі қазак әңгімесінің поэтикасындағы ұлттық құндылықтардың көркемдік қызметін айқындауда көркемдік ізденістердің байланыстары ескерілген.</p>


	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок. 	8.3 Диссертациялық жұмыста теориялық қорытындылар анықталған, өзара байланыстар және заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген.	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган</p>	8.4 Диссертациялық жұмыста пайдаланған маңызды мәлімдемелер өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасалған.	
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	Зерттеу жұмысында фольклор мен әдебиет теориясына, казақ әдебиетінің тарихы мен проза поэтикасына, мәдениеттану мен этнографияға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері жанжақты қамтылған. Диссертациялық жұмыста 121 әдебиетке сілтеме жасалған.	
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок. 	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Ғылыми жұмыс барысында алынған нәтижелер қазақ халқының ұлттық ерекшелігін, болмысын айқындайтын ұлттық құндылықтарды жазушы туындылары арқылы көрсетілген. Диссертанттың Ш.Айтматов шығармаларындағы сюжеттер мен образдарды, символдар мен авторларлық пайымды накты мысалдармен дәлелдеуі жеткілікті дәрежеде. Алынған теориялық тұжырымдар қазіргі әдебиеттану ғылымына өз улесін қосады.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 	Зерттеу жұмысында ұсынылған ізденушінің ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін «Түркі халықтары әдебиеті», «Әдеби байланыс» пәндері мен «Тұлғатану» курстарында кеңінен пайдалануга болады.

		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Ш.Д.Куттыбаевтың философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Ш.Айтматов шыгармашылығындағы қазак тақырыбы» атты докторлық диссертациясы барлық талаптарға сәйкескеледі, жұмыс толығымен аяқталған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан томен; 4) томен.	Академиялық жазу сапасы: Жоғары. Диссертация - академильтық жазылымның типіне жатады. Жазу барысында ізденіші академиялық жазылыш талаптарын сақтаған. Тазағылыми стилде жазылған, ой қайталаулары аз. Тұжырымдар мен қорытындылары нақты мысалдармен дәлелденген. Стильдік, орфографиялық қателер кездеспейді. Сейлемдері шұбаланқы емес, ойды нақты жеткізеді. Талапқа сайорындаған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияның мазмұнына және жазылуына байланысты ізденушіге тәмендегі ескерте-ұсыныстарды айтқымыз келеді: 1. Диссертациялық жұмыста ішінара көздесетін техникалық қателер бар (атап айтқанда ғылыми аппаратта және сол сияқты ішінара тарауларда). 2. Жазушы шыгармалары жеткілікті дәрежеде талданғанымен, оны әрі қарай тереңдетіп, кестелер, сызба-нұскалар арқылы беру жағы аздау, сол тұстарын ескерген жөн. 3. Диссидент зерттеу енбектің кей тұстарында тұжырымды ойларды нақты сипаттайтын ғылыми стильден ғөрі, экспрессивтілікке күрылған публицистік стиліге және ойды образдағ ұсынатын көркем әдебиет стиліне жол беріп алады. Осы мәселеге назар аударуын сұраймын. Алайда, бұл көрсетілген кемшіліктер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтіріп, оның мазмұнына көрі есер етпейді деп ойлаймын.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми	Диссиденттың академиялық жазу дағдысы қалыптасқан. Тақырыпқа сай жазылған мақалаларында зерттеу методологиясының заңдылықтарын сақтаған. Зерттеу сұрағына жауап беретін теорияларды талдауда тиімді қолданған.	

	рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармағына сәйкес)	«Ш.Айтматов шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» атты диссертациялық жұмысы үшін Куттыбаев Шоканхан Дүйсенханович 6D021400 – «Әдебиеттану» білім бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,
Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.к.



(қолы)

A.Нусупова

